

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 02 қыркүйектегі N 230 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 09 қазанда N 2-12-127 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 365 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2011.12.20 N 365 Қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-4)-тармақшасына және 18-1-бабының 1, 4-тармақтарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындары "Қаратал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі арқылы жұмыс берушілермен шарттық негізде ұйымдастырылсын.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс білдіретін жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі қосымшаға сәйкес айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **К. Байтаеваға** жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім: **Қ. Медеуов**
Қаратал ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 02 қыркүйектегі
N 230 қаулысына
қосымша

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес халықтың әлеуметтік қолдауға мұқтаж нысаналы топтарының жұмыспен қамтылуын арттыру шараларын іске асыру мақсатында жасалынған.

Жалпы ереже

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) жұмысқа орналасуы үшін нысаналы топтарға арналған әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуын және қаржыландыруын анықтайды. Сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орындарын ашу немесе ашуға ұсынған мекемелердің ұйымдастыру жағдайын есептеудің және іріктеудің негізгі жағдайларын реттейді.

1. Қолданыстағы Тәртіптің негізгі ұғымы:

1) әлеуметтік жұмыс орны – жұмыс беруші нысаналы топтардағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті атқарушы органмен шарттық негізде құратын, жұмыс берушінің олардың еңбегіне ақы төлеу шығындары ішінара өтелетін жұмыс орны;

2) нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көріп жүрген және әлеуметтік қорғауды қажет ететін адамдар ретінде заңмен белгіленген адамдар топтары;

3) жұмыс беруші – Қаратал ауданының аумағында өз белсенділігін атқарушы заңды және жеке тұлғалар.

2. Әлеуметтік жұмыс орындары алты айға дейінгі мерзімге ұйымдастырылады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істейтін жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақылық қамсыздандыру және сақтандыру заңнамалары толығымен қолданылады.

Жұмыссыздарды жұмыспен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс білдірген жұмыс берушілерді іріктеу

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс білдіретін жұмыс берушілерді іріктеу келесі мақсатта жүзеге асырылады:

1) әлеуметтік жұмыс орындарын ашу немесе ұсыну жұмыс берушінің өз қаражаты есебінен қарастырылады және оған тек нысаналы топтарға жататын азаматтар тартылады;

2) әлеуметтік жұмыс орындары уақытша сипатта болады және оларды ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос орындар

п а й д а л а н ы л м а й д ы ;

3) жұмыс беруші толық емес жұмыс уақытына және жеңіл жұмыс кестесімен жұмыстар ұйымдастыруға болады;

4) әлеуметтік жұмыс орындары экономикалық және әлеуметтік тұрғыда байланыста болуы керек.

5. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруға ұсыныс білдіретін жұмыс берушілер Қаратал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Бөлім) жұмыстың түрі, сипаты, көлемі, жұмыс орнының саны, мерзімі, қосымша төлейтін еңбекақы мөлшері көрсетілген тапсырыс ұсынады.

6. Бөлім тапсырыс бойынша әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілерге іріктеу тәртібін жүргізеді және оны аудан әкімінің орынбасары бекітеді. Сонымен қатар жұмыс берушімен Бөлім жұмыстың жағдайы, жалақысы және жұмысшылардың құқығына қайшы келмейтін екі жақты келісімге отырады.

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды қаржыландыру көзі

7. Әлеуметтік жұмыс орындарына еңбекақы төлеу – ай сайын келісілген жеке еңбек шартындағы жағдайға байланысты еңбек заңнамаларына сәйкес атқарылған жұмысының санына, сапасына және күрделілігіне қарай төленеді.

8. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған адамдарға жұмыс берушінің жалақы төлеу кезеңіндегі шығарған шығынның бір бөлігін аудан бюджетінде қарастырылған ең төменгі еңбекақы есебінде төленеді.

9. Жергілікті бюджеттен бөлінетін қаражат жұмыс берушінің есеп-шотына аударылады және оны жұмыс беруші атқарған жұмыс есебі бойынша жұмыссыздарға еңбек ақы төлейді.

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібін ұйымдастыру және қаржыландыруды бақылау

10. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібін ұйымдастыру және қаржыландыру үшін бақылау бекітілген заңдылықтарға сәйкес Бөлім арқылы жүзеге асырылады.